

Қарақия ауданы бойынша оңайлатылған декларация негізінде арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

Маңғыстау облысы Қарақия аудандық мәслихатының 2025 жылғы 21 қарашадағы № 31 /262 шешімі

Қазақстан Республикасының Салық Кодексінің 726-бабына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Қарақия аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Арнаулы салық режимін оңайлатылған декларация негізінде қолданған кезде, салық төлеуші салық салу объектісіне есепті салық кезеңі үшін өз бетінше мөлшерлемені қолдану арқылы есептейтін, төлем кезінен ұсталған салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесі Қарақия ауданы бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетілсін.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарақия аудандық мәслихатының төрағасы Ж.Қалаубай